

УНИВЕРСИТЕТ ТҮЛЕГІНІҢ ОЙТОЛҒАНЫСЫ

Ұлағатты ұстаз – шәкірт мерейі

Қай білім ордасының да кемелденуінің негізінде тұратын қуатты ресурсы – оның профессор-оқытушылар құрамы. Бүгінде 60 жылдың асуын бағындырған Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің Қазақстанның батыс өңіріндегі ғылым мен жоғары білімнің іргелі ошағына айналуына бірден-бір себепкер болған оның ғалымдар корпусы.



Университет тарихының әр бөлесінде өзіндік орны бар ғалым Балұаш Бақышұлы Траисов – ұлағатты істерімен, қарапайым да адамгершілік қасиеттерімен көптің құрметіне ие болған

осындай шоқтығы биік азаматтардың бірі.

Мақалада ғалымның өміржолы, ғылыми білімі, эрудициясы, адалдығы және басқа да қасиеттері туралы баяндалады. Оның барлығы – Балұаш Бақышұлының сирек интеллект иесі, ерекше шындалудан өткен зияткер ғалым, даланың дара дарынды тұлғасы екендігінің дәлелі.

Балұаш Бақышұлы – ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының, Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының толық мүшесі, Қазақстанға, жақын және алыс шетелдерге белгілі биязылау жүнді кроссбредті қой шаруашылығының ғалым-селекционері. Қырық алты жыл бойы өзі білім

алған Жәңгір хан университетінде жемісті жұмыс істеп келе жатқан ғалымның университет ғалымдарының алғашқы легінен алатын орны ерекше.

Балұаш Бақышұлының барлық ғылыми-педагогикалық қызметі өзі оқып-білім алған ALMA MATER-мен байланысты, мұнда ол аға ғылыми қызметкерден бастап ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректорға дейінгі ғылыми және кәсіби өсу сатыларынан өтті. Яғни, аға ғылыми қызметкер, оқытушы, профессор, «Зерде» ғылыми-өндірістік орталығының директоры және 17 жыл ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор лауазымында жұмыс істеді.

(Жалғасы 2-бетте)

БІЗДІҢ ИНСТИТУТ

Адамзатты емдейтін сала мамандарын даярлайды

Жәңгір хан университетінің 60 жылдығына арналған бұл айдарымыздың кезекті шығарылымы «Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы» институтына арналады.

Қысқаша тарих

1963 жылы «Зооинженерлік» факультет ретінде ашылған бұл институт та дамудың даңғыл жолдарынан өтіп келеді. Алдымен «Зооветеринарлық» факультеті болып қайта құрылып, кейін «Ветеринарлық медицина және биотехнология» факультеті болып аталған. Университет құрылымының өзгеруіне байланысты 2019 жылдың 1 қыркүйегінен бастап «Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы институты» болып өзгерді. Институтта қазіргі уақытта 13 ғылым докторы, 22 ғылым кандидаты, 11 PhD докторы және 20 магистр қызмет етуде.

Институтты ветеринария ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Біржан Елубайұлы Нұрғалиев басқарады. Бұған дейін институтты (бұрынғы факультет) әр жылдары Ю.А.Артемов, М.М.Нуралиев, Г.С.Зубков, А.Р.Рустенов, Б.А.Аманжолов, А.З.Зинулин, Г.К.Мол-дашев, И.К.Ашетов, Ө.Б.Таубаев, К.Ж.Қушалиев, Е.Г.Насамбаев, І.Н.Жұбантаев басқарған.

Күні бүгінге дейін қазақ халқының ата кәсібіне айналған мал шаруашылығы саласының білікті мамандарын даярлаған институтта «Ветеринариялық және биологиялық қауіпсіздік», «Ветеринариялық клиникалық ғылымдар», «Мал шаруашылығы және биоресурстар» жоғары мектептері жұмыс жасайды. Сонымен қатар «Жәрдем-Вет» ғылыми-өндірістік орталығы, «BIOTECN» инновациялық ғылыми-



өндірістік орталығы, «Ихтиология және аквакультура» зертханасы бар. Институт бакалавриат, магистратура, докторантура сатылары бойынша ветеринарлық медицина, ветеринарлық санитария, ветеринария, биотехнология, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы, аквакультура және су биоресурстары, өнеркәсіптік экология, балық шаруашылығы бойынша мамандықтар даярлайды.

Табыстар мен жетістіктер

Институттың профессор-оқытушылар құрамы қаржыландырылған гранттық жобалармен, шаруашылық-келісім шарттармен айналысады. Жас ғалымдар, оқытушылар ғылыммен айналысып, ғылыми жобалар ұтып алуда. «Жас ғалым» жобасы бойынша ғылыми жобалар ұтып, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысып жүрген А.С.Ищанова, У.Ж.Қужебаева, Б.О.Ертлеуова сынды оқытушыларды атап өтуге болады.

Институт ғалымдарымен 2014-2022

жылдар аралығында ғылыми басылымдарда 112, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда 131, Томсон Рейтер (ISI Web of Knowledge, Thomson Reuters) компаниясы ақпараттық базасының деректері бойынша нөлдік емес импакт-факторға ие немесе Scopus компаниясының деректер базасына кіретін халықаралық ғылыми журналдарда 18 мақала жарық көрді. 2016-2022 жылдары институттың профессор-оқытушылар құрамы 70-ке жуық оқулық, оқу құралдарын жариялады. Ғылым саласының өркендеуі жолында қызмет етіп жүрген қызметкерлер де аз емес.

Профессор-оқытушылар құрамы, жас мамандар елімізде және алыс-жақын шетелдерде өз біліктіліктерін арттырып, тағылымдамадан өтеді. Аға оқытушы Н.С.Монтаева (Германияда біліктілігін арттырды), доцент Н.Т.Абекешев (Н.Э.Бауман атындағы Қазан мемлекеттік ветеринарлық медицина академиясында академиялық ұтқырлық аясында сабақ жүргізді), доценттер И.М.Абиров мен А.М.Давлетова (Самарқанд мемлекеттік «Ветеринариялық медицина,

мал шаруашылығы және биотехнология» университетінде академиялық оралымдылықтан өтті) осындай ізденімпаз ғалым-ұстаздар қатарында. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Ардагер ұстаз М.Шәлменовтің «Қазақстанның құрметті профессоры», «Қазақстанның құрметті академигі», «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері» атануы да – кейінгі жас ғалымдарға үлгі-өнеге.

Академиялық ұтқырлық аясында институт студенттері отандық және шетелдік жоғары оқу орындарында оқиды. 2016 жылдан бері Лодзь университетінде (Польша) – 15, Словакия аграрлық университетінде – 1, Волгоград мемлекеттік аграрлық университетінде (РФ) – 5, Н.Э.Бауман атындағы Қазан мемлекеттік ветеринарлық медицина академиясында – 3, С. Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университетінде – 20, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінде – 5, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде – 14 студент, Калмық аграрлық университетінде – 4 студент білім алды.



(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Қазіргі уақытта осы университеттің «Мал шаруашылығы және биоресурстар» жоғары мектебінің профессоры болып қызмет атқарады.

Әр түрлі лауазымдарда жұмыс істей жүріп, Балуаш Бақышұлы өзін құзыретті, бастамашыл басшы ретінде көрсете білді. Ұйымдастырушылық қабілеті, белсенді ғылыми-педагогикалық қызметі университеттің ғылыми әлеуеті мен халықаралық ынтымақтастығының қалыптасуына, дамуына зор ықпал етті.

Профессор Б.Траисов Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры болып қызмет атқарған жылдарында білім ордасының сол кездегі ректоры, профессор Қ.Қ.Бозымовпен бірге 1997 жылы «Ауыл шаруашылығы жануарларын өсіру, селекция, генетика және көбею», «Жеке зоотехния, мал шаруашылығы



Кафедраның (қазіргі жоғары мектеп) ғалымы және профессоры ретінде ол жетілген кәсіби дайындығымен, қой

асыл тұқымдық қасиеттерін жетілдіру мәселелеріне арналған монографиялар, қой шаруашылығы бойынша оқу құралдары, өндіріске ұсынымдары бар. Батыс Қазақстанда өсірілген жаңа қой тұқымы – Ақжайық етті-жүнді кроссбредінің авторы.

Профессор Б.Б.Траисов Ақжайық етті-жүнді тұқымды қойларының тұқымшылық зауыттық етті сүлесін және Ақжайық етті-жүнді қойларының үш зауыттық аталық іздерін құрды: ірі салмақты «БАЛИ – 1395» аталық ізі және «БАК – 4087» ұзын жүнді аталық ізі, БҚАТУ – 7082 – қою жүнді аталық ізі. Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті – мал шаруашылығындағы жаңа селекциялық жетістікке патент иесі, ал профессор Б.Б.Траисов – Ақжайық етті-жүнді тұқымды қойларының тұқымшылық зауыттық етті сүлесінің және үш зауыттық аталық іздерінің авторы.



өнімдерін өндіру технологиясы», «Жалпы егіншілік», «Өсімдік шаруашылығы» мамандықтары бойынша кандидаттық және докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі өңірдегі алғашқы диссертациялық кеңесті ашып, сол кеңестің алғашқы төрағасы ретінде жергілікті ғылыми кадрларды даярлауға зор үлес қосты. Диссертациялық кеңестің жұмыс жасау барысында кандидаттық, докторлық жұмыстарын қорғап шыққан ғалымдар өздеріне ғылым жолына түсуге жағдай жасап, ғалым атануға зор мүмкіндік берген Қазыбай Қараұлы мен Балуаш Бақышұлының орасан еңбегін алғыспен атап өтеді.

Профессор Б.Б.Траисов отандық ауыл шаруашылығы ғылымының дамуына елеулі үлес қосты, қой өсіруші ғалымдар В.А.Бальмонт, К.У.Медеубековтың кроссбредті қой шаруашылығын дамыту жөніндегі жұмыстарын жалғастырды.

шаруашылығындағы селекция теориясы мен практикасын терең білуімен, студенттердің, магистранттар мен докторанттардың танымдық және ғылыми қызметін жандандырудағы шығармашылық қабілетімен ерекшеленеді

Балуаш Бақышұлының шығармашылық, ғылыми қызметі биязылау кроссбредті жүнді және етті-майлы қойларды селекциялау, өсіру, күтіп-бағу және ұстау саласындағы кең ауқымды мәселелерді қамтиды. Батыс Қазақстанның күрт континенттік аймағы үшін ол отандық және шетелдік генотиптердің түрлі тұқымдарының етті-жүнді қойларын пайдалану арқылы Ақжайық етті-жүнді қойларының ет және жүн өнімділігін арттыру әдістерін әзірледі. Ол 440-тан астам ғылыми еңбегін жариялады, оның ішінде етті-жүнді және етті-майлы қойларды сұрыптау, өнімділік және



Балуаш Бақышұлы өзінің бар білімін, күш-жігерін, ғылыми және шығармашылық қабілеттерін ауыл шаруашылығы мамандары мен ғылыми кадрларды даярлау мен тәрбиелеуге арнады. Оның ғылыми-практикалық қызметінің өзіне тән ерекшелігі – ҚР Ғылым және білім, Ауыл шаруашылығы министрліктерінің Ғылым комитеті аясында Батыс Қазақстанның етті-жүнді және етті-майлы қойларының асыл тұқымды және өнімді қасиеттерін жетілдіру бойынша гранттық жобаларды әзірлеуге, облыстың шаруа және фермер қожалықтарына ғылыми зерттеулер мен ұсынымдардың нәтижелерін іс жүзінде іске асыруға бірнеше жыл бойы жетекшісі және орындаушысы ретінде белсенді қатысты.

Б.Б.Траисов ауқымды ғылыми жұмыс жүргізіп қана қоймай, педагогикалық қызметпен де белсене айналысады. Студенттердің – дипломдық, магистранттардың, аспиранттар мен ізденушілердің ғылыми жұмыстарына жетекшілік жасап келеді.

Өзінің ғылыми мектебін қалыптастырған ғалымның жетекшілігімен төрт докторлық (оның ішінде 3 ауыл шаруашылығы докторы және 1 биология ғылымдарының докторы), жеті кандидаттық, бір PhD докторы диссертациясы, «Зоотехния», «Мал шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу технологиясы», «Биотехнология» мамандықтары бойынша 20-дан астам магистрлік диссертация сәтті қорғалды.

Шәкірттері Қазақстан мен Ресейдің Жоғары білім беру және ғылыми орталықтарында табысты қызмет етуде. Солардың қатарында өзінің де бар екенімді мақтан тұтамын.

Маған Балуаш Бақышұлының жолықтырған тағдырыма шексіз ризамын, ғалым-ұстаз мені ғылыми ортаға қосып, үлкен ғылыми дайындықтан өткізіп, ғылыми-зерттеу тәжірибелері мен эксперименттерін жүргізудің белгілі бір практикалық дағдыларын үйретіп, айталықтай ғылыми мәдениетті бойыма сіңірді. Мен үшін Балуаш Бақышұлы тек тәлімгер ғана емес, білімді де білікті ғалым, жастардың ақылшысы, жанашыры. Сондықтан да ғалымды әрдайым тұлға ретінде құрмет тұтамын. Ол өз әріптестерін сарқылмас ынта-жігерімен талпындырып, әр ғылыми қызметкерін өзінің шығармашылық ортасына тартып, алға қойған мақсаттарын жүзеге асыру үшін қолайлы жағдай жасай-

ды. Сондықтан оның әріптестері, қызметкерлері мен шәкірттері мұндай жанашыр және талапшыл ғалыммен жұмыс істеу оңай және жемісті екенін айтып жүр. Ол әрдайым таңғажайып еңбекқорлығымен, қажымас жігерімен, адалдығымен, қарапайымдылығымен, адамгершілігімен үлгі болып, әріптестеріне, жақындары мен достарына жанашырлықпен, ал жас ғалымдарға үлкен жүректі әке ретінде қамқорлық танытады.

Ізімғали ЖҮБАНТАЕВ,
шәкірті, Батыс Қазақстан
инновациялық-технологиялық
университетінің ғылыми жұмыс
және халықаралық байла-
ныстар жөніндегі проректоры,
қауымдастырылған профессор



Үміт ұстаз

Биыл – Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің құрылғанына 60 жыл. Білімнің қара шаңырағында жемісті қызмет атқарып, еліміздегі білімді де білікті мамандардың қатарын толықтырған ұлағатты ұстаздар аз емес. Бүгін солардың бірі туралы ой қозғамақпын.



Яғни, менің ойтолғамымның басты кейіпкері – Уміт Қобланованың есімі университет үшін қаншалықты ардақты болса, біздің әулетіміз үшін де құрметтілер қатарында. Жалпы Уміт апа өңіріміздегі тағы бір іргелі оқу орны – қазіргі М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде де абыройлы еңбек етті.

1950 жылдардың соңы, 1960 жылдардың басында отбасымыздың үлкені, апам Тайба Сатпайқызы физика-математика факультетін физика мамандығы бойынша оқып тәмамдады. Сол кезде Уміт Бисенқызы осы мамандықта оқитын студенттердің 1-курстан бастап кураторы болды. Апам Уміт апаны зор ризашылықпен, ыстық ілтипатпен еске алып отырушы еді. Ол кезде қаламыздағы қазіргі Студенттер көшесі «Торговая» деп аталушы еді, қазіргі «Суровская» дүкенінің орнында қызыл кірпіштен қаланған әскери қоймалар болды. 1970 жылдың мамыр айында мен сол маңайда орналасқан қалалық әскери комиссариаттан әскерге аттандым.

Уміт апа тек куратор ғана емес, ауылдан келген қыз-жігіттердің анасындай қамқор бола білді. Уміт апайдың студенттері, Тайба апамның курстас-группаластары да осал бол-

мады. Мысалы, Сырым ауданының тумасы Мереке Ахметов – ғылым кандидаты, доцент, қаламыздағы жоғары оқу орнында қызмет атқаруда. Маған физикадан сабақ берген Тасқала ауданы, Шежін ауданынан келген Темір Абенев жоғары оқу орнында сабақ берді. Уміт Бисенқызының жақсы көретін студенттерінің бірі – Әмина Байарыстановна болатын. Оның әкесі Сағидолла ағай – Ұлы Отан соғысына қатысушы, осы факультеттің түлегі әрі қызметкері. Әмина Сағидоллақызы Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің аспирантурасын тәмамдап, дифференциалдық теңдеулер мамандығы бойынша диссертация қорғап, сол кездегі қаламыздағы Ауыл шаруашылығы институтының физика-математика кафедрасының меңгерушісі

болып өмірінің соңына дейін қызмет атқарды. Тайба апамыздың ұлы Бауыржан да осы университеттің түлегі, немересі қазір 2-курс студенті.

Ал маған және менің курстастарыма, яғни болашақ инженер-механиктерге 1972-1973 жылдары Уміт Бисенқызы аналитикалық геометриядан бастап дифференциалдық теңдеулер (дифур), математикалық талдаулар (матанализ) курстары бойынша дәріс берді. Ол кезде барлық сабақ орысша жүретін еді. Бұл, әсіресе, Атырау, Ақтау, Қызылорда өңірлерінен келген жастарға өте қиын болды. Ал Уміт апайымыз дәрісті орысша оқып тұрып, асқан шеберлікпен қазақша жалғастырып кете беретін еді. Сонда қазақша бір ауыз сөз білмейтін өзге ұлттың жастарының өзі түсініп, сол тақырыпты меңгеріп алатын. Практикалық сабақтарды Мәскеудегі аспирантураға бармастан бұрын Әмина Байарыстановна өзі жүргізді. Кейін қызылордалық курстасымыз Кеңес Ибадуллаевтың немересіне ұстазымыз Уміт апаның есімін беріп, құрмет көрсеткені де есімде. Кеңесті біз Жақсылық деп атайтынбыз. Ол тіпті апайға өлең шумақтарын да арнады:

Өмірден көп көргені,
Ғылымнан мол білгені.
Уміт апай – қамқоршым,
Жаныма жақын келгені.
Сол кезеңдер есімде,
Ғылым-нұрдың көшінде.
Жарқын мінез, кең пейіл,
Жаны жайсаң жан еді.
Бірде сабақ сұрайтын,
Кейде қалжың құрайтын.
Осы бітім, болмысы,
Шәкірттерге ұнайтын.
Болмысыңды ерекше сезінгенмін,

Қасиетінді кезінде танып-білдім.
Сондықтан да немереме,
Есім бердім «Уміт» деген.
Сенімім немереммен ақталар деп,
Осы есіммен кей кезде мақтанам көп.

Есімі ұстазымның болғаннан соң,
Жүремің үміттерді жалғағым кеп!

Уміт Бисенқызының жұбайы Хайролла Сағынайұлы мен әңгімелеген жылдарда кандидаттық диссертациясын қорғаса, кейінірек Уміт апамыз математика мен философияны ұштастырып, философия ғылымдарының кандидаты атағына диссертация қорғаған еді.

Тағы бір еске алар сәт – 1977 жылдары физика-математика факультетінің «математика» мамандығын тәмамдаған қарындасым Қания Сәтпайқызы мемлекеттік емтихан тапсырғанда, комиссияның төрайымы Уміт апайымыз болған екен. Осындай ұстаздардың тәлімін алған Тайба апам да, Қания қарындасым да зейнеткерлікке шыққанға дейін қазіргі Бөкей ордасы ауданы, Бисен ауылындағы Бисен Жәнекешов атындағы орта мектепте ұстаздық қызмет атқарды. Қания қарындасым Қазақ ССР-інің халық ағарту ісінің озық қызметкері атағын алды.

Мінекей, Айталиевтер әулетінің үш ұрпағының өмірінде қайталанбас қолтаңбасын қалдырған Уміт Қобланова осындай жан еді. Бүгінде өзі өмірден өтіп кетсе де, есімі шәкірттерінің жүрегінде сақтаулы.

Ермек АЙТАЛИЕВ,
техника ғылымдарының докторы, профессор, 2005 жылғы ҚР ЖОО-ның үздік оқытушысы, алғашқы грант иегері

Бизнес-жобаларын көрмеге ұсынды

«Экономика және аудит» жоғары мектебінің құрамында үш жылдан астам уақыт бойы «Бизнес мектебі» белсенді жұмыс істейді. Бұл мектеп оқытушыларға кеңес беру, оқыту, студенттердің бизнес жобаларын дайындау және іске асыру мәселелерімен айналысады.

Үш курс барысында барлық білім беру бағдарламаларының студенттері «Экономика және кәсіпкерлік негіздері», «Бизнес жоспарлау» пәндерін қамтитын «Бизнес негіздері» модулін меңгереді.

2022-2023 оқу жылының екінші семестрінде бизнес жобаларды

қорғау нәтижелері бойынша үздік 30 жұмыс іріктеліп, бизнес жобалар көрмесіне ұсынылды. Көрме жұмысына облыстық мәслихат депутаты А.Г.Бисенов, облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы басшысының орынбасары



Б.Т.Сәтқалиев, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры өңірлік филиалының, БҚО кәсіпкерлер палатасының, Зашаған кентінің әкімдігі мен бизнес өкілдері қатысты.

Көрме жұмысы бойынша 1-орын студенттер Г.Асқарова мен Л.Жүсіпқалиеваға «Ақуызбен байытылған ұнды кондитер өнімдері» тақырыбындағы инновациялық бизнес жобасы үшін берілді (жетекшісі А.Қ.Жұмаева). 2-орынды студент М.Талап «digital Waste sorting-қоқысты сандық сұрыптау» тақырыбындағы

инновациялық бизнес жобасы үшін алды (жетекшісі Д.А.Жапарова). ал «Эко сабын өндірісі» тақырыбындағы инновациялық бизнес жобасын ұсынған студенттер Г.Өтегенова мен К.Төлеуғалиева 3-орынға (жетекшісі Р.С.Бегалиева) қол жеткізді.

Жеңімпаздардың барлығының бизнес идеялары мен жобалары Қазақстан халқының игілігі үшін гранттық қаржыландыруға ие болуларын тілейміз.

Берік ХУСАИНОВ
«Бизнес мектебінің» жетекшісі маманы, доцент



Қыздар жарайсыңдар!



Быылғы көктем айлары Мария Бровкова үшін жеңісті кезең болды. Алдымен байдарка мен каноэ есуден ересектер

Жәңгір хан университетінде түрлі додаларда топ жарып, еліміздің байрағын көкке көтеріп жүрген спортшы қыздар аз емес. Солардың қатарында суда желдей есетін Мария Бровкова мен боз кілемде есе жібермейтін Айсұлу Сәрсенова да бар.

арасындағы ел чемпионатында барлық қашықтықтағы жаттығулар бойынша жеңіске жетіп, жеті бірдей алтыннан алқа таққан ару «Абсолютті чемпион» атанды. Бұдан соң Венгрияның Сегед қаласында өткен Әлем кубогының I кезеңінде ересектер арасында 1000 метр қашықтыққа жекелей каноэ есуден I-орынға ие болып, тағы да жеңімпаз атанды.


Ал Айсұлу Сәрсенова Тараз қаласында өткен қазақ күресінен ересектер арасындағы Қазақстан Республикасының кубогында жүлделі орыннан көрініп, қоланы қанағат тұтты. +77 келі салмақ дәрежесі бойынша өз бағын сынаған ба-

луан қызымыз үшін мұның өзі де – айтулы жетістік.

Бірінші курс студенті Мария Бровкова «Экономика, ақпараттық технологиялар және кәсіби білім беру» институтында «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша білім алуда. Ал «Политехникалық институттың» 2-курс студенті Айсұлу Сәрсенова «Электрмен жабдықтау» білім беру бағдарламасында оқиды.



Мария Бровкова туралы кеңірек білгіңіз келсе, 22 мамыр күнгі университеттің Telegram каналындағы «Студенттік цифрлық радионың» кезекті шығарылымындағы сұқбатты тыңдауларыңызға болады.



День открытых дверей на предприятии

На предприятии ТОО «ТМК-Казтрубпром» было проведено день открытых дверей для студентов специальности «Мехатроника» и «Машиностроение» под руководством старшего преподавателя высшей школы Машиностроения Сатыбаевой Н.А.

Вначале экскурсии студентам была предоставлена презентация о предприятии, пути становления развития и новое производство предприятия. Приветственное слово сказал исполнительный директор Безруков Александр Николаевич, затем продолжила презентацию начальник отдела качества, СМК и развития произ-

водственной системы Слезкина Маргарита Викторовна.

Большой вклад в организации проведения экскурсии внесла начальник службы персонала Кунаковская Светлана Вячеславовна.

ТОО «ТМК-Казтрубпром» выпускает насосно-компрессорные и обсадные



трубы для обеспечения потребностей нефтегазовых предприятий Республики Казахстан, Российской Федерации, СНГ и Дальнего зарубежья. ТОО «ТМК-Казтрубпром» специализируется на производстве высокогерметичных резьбовых соединений класса «Премиум» на обсадных и насосно-компрессорных трубах для нефтегазовой отрасли.

Студенты наблюдали основные технологические процессы задействованные в производстве, нарезания резьбы на ниппельном конце трубы, гидравлические испытания, где навертки муфты трубы

подвергаются в автоматическом режиме. Упаковка труб, окраска ультрафиолетовым лаком, маркировка, автоматическая система измерения длины труб, установка протекторов на трубах и отгрузка в склад готовой продукции.

Со стороны предприятия для студентов были подготовленные небольшие презенты.

Выражаем большую благодарность персоналу ТОО «ТМК-Казтрубпром» и надеемся на дальнейшее сотрудничество!

Жұбан кітапханасында болды

17 мамыр күні «Индустриалды-технологиялық» институтының 3-курс студенттері Жұбан Молдағалиев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада өткен «Меркурий» спикерлік клубының отырысына қатысты.

Кітапхананың мәжіліс залында ұйымдастырылған кездесу кеші «Барлық жеңістер өзін-өзі жеңуден басталады» деп аталды. Батыс өңірінің атағын шығарып, абыройын асқақтатып жүрген спортшылармен танысуға бағытталған басқосуға «Индустриалды-технологиялық» институтының «Құрылыс инженериясы» мамандығының білім алушыларын

доцент м. а., PhD докторы Алтынай Бақытжанқызы Шингужиева бастап барды.

Кездесуге біздің университетіміздің студенті, Әлем чемпионатының қола жүлдегері, Азия чемпионы Әділбек Сейсовпен бірге дзюдодан спорт шебері, Қазақстан Республикасының чемпионы Гаухар Ирмағамбетова қатысты. Спортшылар өздерінің туған жерлері, спорттағы жолдары және алға қойған мақсаттары туралы әңгімеледі. Чемпиондар Бөрлі ауданына қарасты Ақсай қаласында дүниеге келген. Олар бір үйірмеге қатысып, жаттыққан екен. Студенттеріміз де кеш қонақтарына өздерін қызықтырған сауалдарды қойып, тілектерін де жаудырды.



Меншік иесі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті. Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

БҚАТУ медиа орталығының директоры
Ләззат ҚАЖЫМОВА
Компьютерде беттеуші және дизайнер
Қайрат ИСИМОВ

Бас маман
Анар НУРЛАНҚЫЗЫ
«Заңғар» газетінің маманы
Ләззат ҚАНАТОВА

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталығында теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады.

Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 568 Қолжазба авторға қайтарылмайды. Деректердің нақтылығына автор жауапты.

Мақаладағы

Редакцияның мекенжайы:

090009, Орал қаласы, Жәңгір хан көшесі, 51. Бас ғимарат 206-бөлме 1-42
info_zkatu@mail.ru